ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Коммерциялық емес акционерлік қоғамы

АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС УНИВЕРСИТЕТІ

Электр станция пары, торалтары және жүйелері
кафедрасы

«Қорғауға жіберілді»
Кафедра меңгерушісі

_____
(аты-жөні, ғылыми дәрежесі, атағы)
_____«_____»_____**20___ ж.**
(қолы)

ДИПЛОМДЫҚ ЖОБА

Тақырыбы: Маңғыстау энергетикалық компаниясының аймағындағы жаңа 110/10 кВ қосалқы станциясын жобалау.
мамандығы бойынша

Орындаған Садуакасов Б. А. ЭССк-12-1
(аты - жөні) (тобы)

Жетекші аға оқытушы Дүйсенова Ш. Т.
(аты-жөні, ғылыми дәрежесі, атағы)

Кеңесшілер:

Экономикалық бөлім бойынша :
э.ғ.к., проф. Жакупов А. А
(ғылыми дәрежесі, атағы, аты-жөні)
_____«31»_____05_____ 20_16_ж.
(қолы)

Өмір тіршілігі қауіпсіздігі бойынша:
доцент Абдимуратов Ж. С.
(ғылыми дәрежесі, атағы, аты-жөні)
_____«____»_____ 20____ ж.
(қолы)

Мөлшер бақылаушы:
аға оқытушы Соколова М. С.
(ғылыми дәрежесі, атағы, аты-жөні)
_____«____»_____ 20____ ж.
(қолы)

Пікір жазушы :
_____
(ғылыми дәрежесі, атағы, аты-жөні)
_____«____»_____ 20____ ж.
(қолы)

Алматы 2016

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Коммерциялық емес акционерлік қоғамы

АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС УНИВЕРСИТЕТІ

Электр энергетика факультеті
5В071800 мамандығы
Электр станциялары, торлары және жүйелері кафедрасы

жобаны орындауға берілген

ТАПСЫРМА

Студент Садуакасов
(аты - жөні)

Жоба тақырыбы Маңғыстау энергетикалық компаниясының аймағындағы жаңа 110/10кВ қосалқы станциясын жобалау
ректордың «19» 10. 2015 №148 бұйрығы бойынша бекітілген.

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі: «____»_____20___ ж.

Жобаға бастапқы деректер (талап етілетін жоба нәтижелерінің параметрлері және нысанның бастапқы деректері)

Диплом жобасындағы әзірленуі тиіс сұрақтар тізімі немесе диплом жобасының қысқаша мазмұны:

1. Қолданыстағы торап сұлбасын талдау
2. Болашақтағы торап сұлбасын талдау
3. Жобаланатын қосалқы станцияның типін таңдау
4. Қабылданған нұсқада жұмыс режимін талдау
5. Қысқа тұйықталу токтарын есептеу
6. Өмір тіршілік қауіпсіздігі
7. Экономикалық бөлім

Сызба материалдарының (міндетті түрде дайындалатын сызуларды көрсету) тізімі

Негізгі ұсынылатын әдебиеттер

1. Правила устройства электроустановок. - М. ЭнергоАтомиздат 1986г. - 648 стр
2. Рокотян С.С., Шапиро И.М. Справочник по проектированию эл. энергетических систем, 1995 г.
3. Пособие к курсовому и дипломному проектиров-ю для электроэнергетических спец. Уч. пособие. 1981г.
4. Санатова Л.А., Мисриханов М.Ш., Шунтэв А.Р. Проектирование схем. эл. уст. Уч. пособие. 2005г.
5. Дюсебаев М.К., Абдимуратов Ж.С. Уч. пособие БЖД. 2008 г.

Жоба бойынша бөлімшелерге қатысты белгіленген кеңесшілер

бөлімшелер	кеңесші	мерзімі	қолы
Әмір тіршілік қауіп	Абдимуратов Ж.С		
Эконом. бөлім	Жакупов А.А.		
Мөлшер бақылауды	Соколова И.С.		

Диплом жобасын дайындау

КЕСТЕСІ

№ р/с	Тарау аттары, әзірленетін сұрақтардың тізімі	Жетекшіге ұсыну мерзімдері	Ескерту
1.	Қолданыстағы тораптың талдау.		
2.	Болашақтағы торап сұлбасын таңдау.		
3.	Жобаланатын КС түрін және сұлбасын таңдау.		
4.	Қабылданған нұсқада жұмыс режимін есептеу.		
5.	Таңдалған нұсқа үшін КТ тогын есептеу.		
6.	Өміртіршілік қауіпсіздігі		
7.	Экономикалық бөлім.		

Тапсырманың берілген уақыты «_____»_____20___ж.

Кафедра меңгерушісі _____ _____
(қолы) (аты-жөні, ғылыми дәрежесі, атағы)

Жоба жетекшісі _____ _____
(қолы) (аты-жөні, ғылыми дәрежесі, атағы)

Орындалатын тапсырманы қабылдаған студент _____ _____
(қолы) (аты -жөні)

Аңдапта

«Маңғыстау энергнтикалық компаниясының аймағындағы жаңа 110/10кВ-ты қосалқы станциясын жобалау» тақырыбындағы дипломдық жұмыста аналитикалық зерттеулер және оларды орындау бойынша тапсырмалар келтірілген.

Дипломдық жұмыста қарастырылып отырылған ауданның электр жүйесінің жағдай талдау және 2012-2020 ж.ж. жүктеменің артуы қарастырылған. Берілген жүйенің екі түрлі даму нұсқасы таңдалған. Осы даму нұсқасының техника экономикалық салыстыруы келтірілген. Жүйенің жұмыс режимдерінің электрлік есептеулері жасалған.

«Жаңа» қосалқы станциясындағы негізгі қондырғыны таңдау және сынау мақсатында тұйқталған ток шамасы есептелген.

Өмір тіршілік қауіпсіздігі және Экономика бөліміндері де қарастырылған.

Анотация

В дипломной работе на тему «Проектирование подстанций 110/10кВ Мангыстауской РЭК» был произведены аналитические исследования по теме работы и поставлены задачи по их реализации.

В дипломной работе проведен анализ состояния электрических сетей рассматриваемого района, перспективный рост нагрузок на 2012-2020 гг. Были выбраны два варианта развития данной сети. Выполненное технико-экономическое сравнение вариантов развития. Был произведен электрический расчет рабочих режимов сети.

С целью выбора и проверки основного оборудования на подстанцию «Новая» произвели расчет токов к.з.

Имеются разделы «Безопасность жизнедеятельности» и «Экономика».

Annotation

In the research paper entitled "Design of substations 110/10 kV Mangistau REC" was produced analyzes on performance and set targets for their implementation.

The research paper analyzes the state of electrical networks of this region, promising loads of growth in 2012-2020. Two variants of this network have been chosen. Performed technical and economic comparison of options. electric network calculation of operating conditions was performed.

From the substation "New" the purpose of the main equipment selection and verification of calculated the short-circuit currents.

There are sections of "Health and Safety" and "Economy".

Мазмұны

	Кіріспе	7
1	Қазіргі таңдағы бар торап сұлбасы күйін сұлбасын талдау	8
1.1	Аумақтың географиялық сипаттамасы	8
1.2	Қорек көзі және тұтынушылар сипаттамасы	9
1.3	Жаңа ЭБЖ және Қосалқы сатансия құрылысын негіздеу	11
2	Болашақтағы торап сұлбасын талдау	14
2.1	Тораптың мақсатқа сай конфигурациясын құрастыру	15
2.2	Бірінші нұсқа үшін өткізгіштің қимасын таңдау және есептеу	17
2.3	Бірінші нұсқа үшін қосалқы стансаның тансформаторын таңдау	19
2.4	«RASTR» бағдарламасында бірінші нұсқа үшін есептеу жүргізу	21
2.5	Екінші нұсқа үшін өткізгіштің қимасын таңдау және есептеу	23
2.6	Екінші нұсқа үшін қосалқы стансаның тансформаторын таңдау	24
2.7	RASTR бағдарламасы бойынша екінші нұсқа үшін есептеу	25
2.8	Нұсқаларды техник-экономикалық салыстыру	27
3	Жобаланатын қосалқы стансия типін және сұлбасын таңдау	35
4	Торапта қабылданған нұсқада жұмыс режимін есептеу	38
4.1	Тораптың қалыпты режимінің есебі	38
4.2	Электр торабының максималды режимдегі есебі	40
4.3	Электр торабының минимал режимдегі есебі	42
4.4	Электр торабының апаттан кейінгі жұмыс режимі есебі	45
5	Таңдап алынған нұсқа үшін қысқа тұйықталу тогын есептеу	48
5.1	Үш фазалы қысқа тұйықталу тогын есептеу	49
5.2	Қосалқы станса жабдықтарын таңдау	52
5.3	Кернеудің барлық деңгейінде айырғыштарды таңдау	56
5.4	Кернеудің барлық деңгейлерінде өлшеу трансформаторларын таңдау	57
6	Өміртіршілік қауіпсіздігі	62
6.1	Кернеуі 110 кВ электр қондырғыларын жөндеу барысында қойылатын электр құрылғыларын орнату ережелерінің (ЭҚО) талаптары	62
6.2	Трансформаторларды жобалауда шудың деңгейін бағалау және есептеу	65
6.3	Дистпечерлік бөлмедегі ауа алмасу кондинсациялауға есеп жүргізу	73
7	Экономикалық бөлім	79
7.1	Жұмысты істеудің мақсаты	79
7.2	Инвестициялық жоспар	81

7.3 Инвестициялардың қаржы-экономикалық тиімділік көрсеткіштері 83
Қорытынды 86
Қысқартулар мен белгіленулер тізімі 87
Әдебиеттер тізімі 88

Кіріспе

Қазақстанның электрэнергетика саласы өзінің қиын даму кезеңінен өтіп,қарқынды түрде дамып келуде. Электрэнергетикадағы функционалдану және оның өндірісте ауқымды түрде кеңеюі елдің өтпелі нарықтағы экономикасына барынша септігін тигізді. Халық шаруашылығын сенімді әрі қауіпсізэлектр энергиямен жабдықтау талабы өсті. Сондықтан қазіргі таңда Қазақстан Республикасының барлық аумағында жүктеме тораптарында электр энергиясын тұтынушылар көлемі өсіп келе жатқаны байқалады.

Қазақстан электр энергетикасы 1991 жылдан дағдарысты жағдайды бастан кешірді. Республиканың қолданыстағы энергетикалық қуаты 1990 жылдың басында 17000 мВт-қа жуық болса, 1998 ж. ортасына қарай бұл қуат 10000 мВт-қа дейін қысқарды. Бұл кезеңде Алматыда, Қарағандыда, Петропавлда, Жамбылда, Шымкентте, Павлодарда ірі аймақтық су электр станциялары (АСЭС) салынды. Ертіс өзенінде Өскемен және Бұқтарма су электр станциялары (СЭС), Іледе Қапшағай СЭС-і жұмыс істеді. Аса ірі Ақсу АСЭС-ы Екібастұз кенішінің арзан көмірін пайдаланды.Осындай жағдайлардың барлығында функциональды басқару тәсілімен болашақ структура-технологиялық мәселелерді анықтап және шешіп дәстүрлі емес электр энергетикасн дамыту қажеттігін туғызды.Сөйтіп қазіргі таңда Қазақстан өзінің электр қуаты жөніндегі мұқтаждарын толық қамтамасыз ететін әрі оны өзге елдерге шығаратын ахуалға жетті.

Келтірілген прктикалық есептік жұмыста тұтынушылардың 2012 жылдағы қабылдауға мүмкін болатын перспективті жүктемелері қарастырылған және Маңғыстау облысы Электр торабындағы Қаражанбас кен орнында Электр торапта 110-220 кВ желіні дамыту шараларын қамтиды.

Электрлік тораптар мен жүйелерді жобалаудың міндеті энергожүйелердің дамуын анықтайтын, электрмен қамтамасыз етудің сенімділігі мен электрэнергиясының сапасы жөнінен техникалық шектеулер қойылған кезде, тұтынушыларды электрлік және жылу энергиясымен қамту шығынын төмендетуді қамтамасыз ететін шешімдерді технико-экономикалық негіздеу және өңдеу болып саналады.

Электрлік тораптарды жобалаудың түрлі кезеңдерінде құрамы мен көлемдерінің әртүрлі міндеттері шешіледі. Төменде электр торапты жобалуда қойылатын талаптар, міндеттері жөнінде, электр тораптың конфигурациясын таңдау, қосалқы станция үшін трансформатор таңдауды және тағы басқа да жағдайларды қарастырамыз.

1 Қазіргі таңдағы торап сұлбасының күйін талдау

1.1 Аумақтың географиялық сипаттамасы

Маңғыстау– Маңғыстау облыстық Орталық Ақтау әкімдігіне қарасты кент (1966жылдан),темір жол станциясы Ақтау қаласынан Солтүстік-шығысқа қарай 5 км жерде орналасқан. Тұрғыны 2011 жылғы санақ бойынша 349,6 мың адам,жер аумағы 165,7 мың км^2 ауданды қамтиды. Халықтың орташа тығыздығы 1 км^2 -ге 2,1 адамнан келеді. Іргесі 1966 жылдан Ақтау-Бейнеу темір–жолын салуға байланысты қаланған. Манғыстауда “Маңғыстау Мұнай-газ” АҚ-ның 4 мекемесі, Атырау тасымалдау бәлімшесіне қарасты 13 темір жол мекемесі, мұнай-газ өнеркәсібінің 4 кәсіпорыны, агроқнеркәсіп, сушаруашылығы сондай-ақ жол құрылысы материалдарының комбинаты, мұнай өнімдерінің базалары орналасқан.

Мұнда мұнай мен газдың 59 кенорны (Өзен, Жетібай, Қаламқас ,Қаражанбас, Солт.Бозащы, Тенге, Тасболат және т.б) бар.Ауа райы қатал континеттік, өте құрғақ. Ауаның орташа температурасы қаңтарда -4-9° С, шілдеде +25 +29° С (кейде +45^0 С-қа дейін көтеріледі).Орташа жиынтық радиация Маңғыстау облысында 150 ккал/см^2 (немесе 5796 МДЖ/м^2) жетеді, оның негізгі бөлігі мамыр-тамыз айларына келеді.Маусым айында 16-18 ккал/см^2 жиынтығы радиация болса, қаңтар айында 5-6 ккал/см^2 азаяды. Жылдық жауын-шашынның мөлшері 120 – 160 мм. Каспий теңізі жағалауында температура қыста солтүстікте мұз жиегінде –0^0 – 0,5^0 болса, оңтүстігінде -10^0, ал жазда тиісінше +25^0 және +28^0 өзгереді.Теңіздің орташа тұздылығы 12%.

Қаражанбас мұнай кен орны Маңғыстау облысының Бейнеу ауданында, Ақтау қаласынан Солтүстік-шығысқа қарай 140 км жерде орналасқан. Кен орны 1974 ж. ашылған. Ол ендікке жуық бағытта созылған, амплитудасы 100 м, қалпы өзгерген брахиантиклинальдық қатпардан орын алған. Шоғырлардың барлығы мұнайлы, тек бір блогында ғана газ-мұнайлы шоғыр орналасқан. Блоктардағы бастапқы қабаттық қысымдар 3 – 5,75 МПа аралығында, температура 25°С-тан 37°С-қа дейін өзгереді. Мұнайлардың шығымы 1,2 – 76,8 м^3/тәулік. Құрамында ванадий мен никель кездеседі. Қабат сулары химиялық құрамы жағынан хлоркальций типті,тығыздығ 1,03 г/см^3, минералдары 40 – 76 г/л, бром, бор, йод микроэлементтері мол кездеседі. Кен орны 1980 жылдан игерілуде.

«МАҢҒЫСТАУМҰНАЙГАЗ»-мұнай-газ кәсіпорны. 1963 жылы қарашада «Маңғышлақмұнай» бірлестігі болып құрылған.1999 жылы қаңтарда осы атпен ашық акционерлік қоғамға айналды. «МАҢҒЫСТАУМҰНАЙГАЗ» кәсіпорнының өнеркәсіптік нысандары – Қаламқас пен Жетібай нысандары. Кәсіпорында жылына 4500 мың тонна (31500 баррель) мұнай, 140 мың м^3 ілеспе

газ өндіріледі.Өндірілетін мұнайдың 97%- ы шет елдерге,3%-ы ТМД елдеріне экспортқа шығарылады.

Маңғыстау Атом Энергетикалық Комбинаты (МАЭК)-энергетика кәсіпорны.1968 жылы 1шілдеде құрылған.Кәсіпорынның негізгі міндеті-тұтынушыларды электр энергиясымен,отынмен,дистилятпен және сумен жабдықтау.1963 жылы 16 шілдеден комбинаттың натрийлі жылу жеткізгіші бар шапшаң нейтрондарға негізделген өнеркәсіптік атом реакторы жұмыс істей бастады.1989 жылы наурыз және қазан айларында әрқайсысы 210 МВт-тан энергия беретін екі жылу-электр станциялары іске қосылды.Су тұщытқыш қондырғылар саны көбейді.Қазірг кезде МАЭК-тің электр энергиясын өндіру қуаты 1342 МВт, жылу 1843 Гкал/сағ, дистилят тәулігіне 120 мың $м^3$.Тәулігіне 75 мың $м^3$ ауыз су дайындалады. 1979 ж. «Қаражанбас» және «Қаламқас» кенорындарына 220 кВ жоғары кернеулі желілер тартылып, ірі қосалқы станциялар пайдалануға берілді.

1.2 Қорек көзі және тұтынушылар сипаттамасы

Электр қуатын тасымалдау «Маңыстау Электртораптық Бөлу Компания» АҚ Маңғыстау облысы бойынша тұтынушыларға электр қуатын тасымалдайды.Қоғамның негізгі тұтынушыларына мұнайгаз секторы, (тасымалдаудың жалпы көлемі 92%) коммуналды-тұрмыстық сектордың үлесі – 8 %. «МЭБК» АҚ облыстың барлық тұрғылықты жерлерін қамтиды, тек Ақтау және Жаңаөзен қалаларындағы желілер мемлекеттік коммуналды кәсіпорынға қарайды.

Маңғыстау Энерго комбинаты ЖЭО-1, ЖЭО-2 және ЖЭС-3 Ақтау қаласы тұрғындарының коммуналдық секторын және өнеркәсіп-өндіріс орындары мен облыс тұтынушыларын энергия көзімен жабдықтаушы.

ЖЭО-1 1963 жылдан пайдаланылуға берілді. Оның электр қуаты 87 МВт-ты құрайды.Электр жабдықтарының тозуына байланысты ЖЭО-1 қуаты және мөлшері 23 МВт көлемде бөлінді, орташа қысымдағы жабдықтар өз ресурсын өндіріп болды, ал 2000 жылға барлық электр жабдықтарының тозығы шықты.

ЖЭО-2 1968 жылдан бастап жұмыс істеуде. Оның қазіргі таңдағы электр қуаты 630 МВт- ты құрайды. Электр станция Ақтау қаласының территориясында орналасқан өндіріс комплекстерін энергия және сумен қаматамасыз ететін негізгі көз болып табылады.

ЖЭС -3 1983 жылдан жұмыс атқарып келуде. Электр станцияның электрлік қуаты 630 МВт-ты құрайды. Бұл электр станциясын үлкейтуге мүмкіндік бар. Мұнда барлық энергоблоктар электр графигі бойынша жұмыс жасайды. Осы үш энергиямен жабдықтаушылардың негізгі отыны табиғи газ болып саналады, ал қосалқы отын ретінде құрамында 2 % күкірті бар мазут қолданылады. ЖЭС-3 Өзен және Жетібай кен орындарында табиғи газды жағуға негізделген.

Жабдықтардың тозуының жалпы коэффициенті 70% жуық, техникалық жағдайы елеулі табиғи тозушылық сипатта. Осыған орай, қосымша энергетикалық қуаттарды енгізу туралы, сонымен қатар негізгі заттарды жаңарту, энергоқұрылғыларды қайта жаңарту, экономикалық қауіпсіздік, ұтымдылық және сенімділік туғызып отырған электр желілерін жаңадан құрасытру мен кеңейту сұрақтары туындап тұр,. Элетржабдықтардың істен шығуының негізгі себептері:

- табиғи тозушылық дәрежесіндегі элементтер: трансформаторлар, бірінші және екінші дәрежедегі қарымталау аппараттары, бағаналар, тіреуіштер, траверстер және т.б.;
- энергетикалық нысандардың топырағында және ауасында тұзы көп теңіз жағалауында орналасуынан;
- пайдаланылып жүрген, бірақ өндірістен алынып қалған және қосымша бөлшектері жоқ жабдықтар.

Қазірде компания нысандарын байланыстырып тұратын АТС-ті, каналдар мен жоғары жиілік байланыс аппараттары ескіріп кетуіне байланысты, қазіргі заманның талаптарына сай жетекші фирмалардың аппараттарына ауыстыруын талап етіп отыр. Сонымен қатар компанияның ішінде табиғи тозушылыққа ұшыраған жабдықтарды жаңартып, жаңа технологиялық жабдықтарға ауыстыру жоспарлы жұмыстары жүргізілуде.

2003-2004 ж.ж. аралығында 4 және 5 түйінді қосалқы станцияларын автоматты тәртіпте жұмыс жасап және өзіне қызмет көрсетуді талап етпейтін, Германияда өндірілген «Тиратроник» типті өзінің пайдалану қызметін атқарып болған құрылғы гельді автоматты резервті заряды бар құрылғының аккумуляторлы батареясын қорғасынды-қышқылды аккумулятор батареясына ауыстырылған. С-35 майланған ажыратқыштарды, ММО типті аз майланған ажыратқыштарды SIEMENS фирмасының электргазды ажыратқыштарына ауыстыру жұмыстары ретімен жүргізілуде.

2007 ж. қыркүйек айында «Fitch Ratings» жетекші халықаралық рейтингті агенттік орталықтан «ВВ+» халықаралық несиелік рейтинг алынды.

1) «МЭБК» АҚ ай сайын өзінің желілері арқылы 200 000 000 кВт.сағ. дейін тасымалдайды.

Тұтынушылардың (абоненттердің) саны - 17096;

Олардың ішінде

- өнеркәсіптік, бюджеттік және басқа да тұтынушылар - 478;
- жеке кәсіпкерлер - 767;

Халық - 15850.

2) Электр қуатын көптеп тұтынушылар:

- «РД ҚазМұнайГаз» АҚ
- «МаңғыстауМұнайГаз» АҚ
- «Қаражанбасмұнай» АҚ «Қазақ газ өңдеу зауыты» ЖШС

- «Су тасымалдау және өндіру басқармасы» ЖШС
- «Бозашы Оперейтинг ЛТД» ЖШС
- «КазТрансОйл» АҚ
- «НК Қазақстан темір жолы» АҚ

1.3 Жаңа электр беріліс желілерін және қосалқы станция құрылысын негіздеу

Электр энергиясын жеткізу 220, 110, 35, 10, 6 және 0,4 кВ кернеудегі электр тораптары арқылы жүзеге асырылады.

«Маңғыстау Электр тораптық бөлу компаниясы» - қатысты Қаражанбас 220/110/10 кВ қосалқы станциясы ЖЭС-3-ның 220 кВ шинасынан екі Л-Б-3, Л-Б-4 желі арқылы қоректеніп тұр, сонымен қатар осы қосалқы станциядан 110/35/10 кВ жеті қосалқы станциялар қоректенеді.

Болашақта осы ауданда өндірістің және мұнай саласының өсуіне,орта және кіші бизнестің және тағы басқа факторлардың дамуы электр жүктелулері деңгейінің жоғарылауына септігін тигізеді.Осы күнгі және жаңадан пайда болатын тұтынушыларды сенімді электр энергисымен қамтамасыз үздіксіз қамтамасыз ету қажеттілігі туындайды.

Сондықтан осы жағдайларға байланысты электрмен жабдықтау сенімділігін арттыру мақсатымен Маңғыстау облысы Қаражанбас кен орнында 110/10 кВ қосалқы станциясын одан әрі дамыту қажеттілігі туады. Бұл қосымша екі тізбекті 110/10 кВ желі және 110/10 кВ қосалқы станция құрылысымен қамтамсыз етіледі және ол 110 кВ кернеуде Қаражанбас қосалқы станциясының 110/10 кВ шинасынан қоректенеді.

Осы жоғарыда айтылғандарға байланысты 2012 және 2016 жылдар аралығындағы электр энергияны тұтыну анықталады. Электр энергияны тұтыну және өндіру болжамы қарастырылатын энерго түйіні 1.1 - кестеде келтірілген.

1.1 кесте – 2012 ж. және алдағы 2020 жылға дейінгі жүктемелер

Қосалқы станция аталуы	2012 ж, МВА	2016ж, МВА	2020 ж, МВА
Жаңа ҚС	24+j12,5	24,5+j13	25,2+j13,8

2 Болашақтағы торап сұлбасын талдау

Электр сұлбаларын құрастыру кезінде жаңа электр станцияларының қуатын беру сұлбаларын, жаңа қосалқы станцияларды орналастыру орындарын және оларды қазірде бар тораптарға (жобаланған) қосу сұлбаларын, электр станциялары мен қосалқы станцияларының электрлік қосылыс сұлбаларының, қарымталаушы және реттеуші қондырғыларды орналастыру орындарын табу тапсырмалары шешіледі.

Электр тораптарының сұлбасын құру кезінде оларды шартты түрде жүйе түзгіш және таратушы тораптарға бөлуге болады.

Электр тораптарының сұлбасына төмендегідей талаптар қойылады:

- Қажетті беріктілікпен қамтамасыз ету. ЭОЕ сәйкес барлық электр қабылдағыштар талап етілетін беріктілік дәрежесіне қарай 3 санатқа (категорияға) бөлінеді. Әрбір санаттың тұтынушыларын электрмен жабдықтау үшін сұлбаларға сәйкес талаптар қойылады (бір, екі және т.с.с тәуелсіз көздерден қоректену);

- Электр энергиясының қалыпты сапасымен қамтамасыз ету. Электр энергиясының сапасын анықтайтын іс жүзіндегі стандарт ± 5% және ± 10% электр қабылдағыштарының қысымындағы кернеудің қалыпты рұқсат етілген ауытқуларын белгілейді;

- Тораптың иілгіштігі. Тораптың сұлбасы түрлі режімдерде тораптың таралуы мен берілуін қамтамасыз етуге бейімделген, соның ішінде жеке элементтерді ажырату кезіндегі апаттан кейінгі және бұрыннан белгілі тораптың одан әрі дамуына мүмкіндік беретін тораптың құрылымын жасауға бейімделген деп болжанады;

- Қысқа тұйықталудың қолайлы дәрежесін қамтамасыз ету. Қысқа тұйықталуды болдырмаудың кешенді іс шаралары қарастырылады: тармақталған орамдары бар трансформаторларды пайдалану, энергожүйелерінің негізгі тораптарын, электр станциялары мен қосалқы станциялар жақтауларын бөліктерге бөлу және т.б.;

- Унифицирлі элементтерден торапты құру мүмкіндігін жасау. Электр беріліс және қосалқы станциялар желілерінің унифицирлі элементтерін пайдалану торап қондырғысының жобалы сұлбасының бағасын төмендетуге мүмкіндік береді. Сондықтан, жаңа шешімдердің техникалық және экономикалық негізделген сұлбасының минималды санын қолданған орынды;

- Қоршаған ортаны қорғау жағдайын қамтамасыз ету. Торап сұлбасын құрудағы бұл талап екі тізбекті және көп тізбекті желілерді қолдана отырып, шеттетілген территориялардың азаюы есебінен, соның ішінде, өткізгіштік қабілетінің жоғарылығы мен қосалқы станциялардың қарапайым сұлбалары арқылы орындалуы мүмкін.

2.1 Тораптың мақсатқа сай құрылымын құрастыру

Жобалау тәжірбиесінде желінің рационалды жән оңтайланған құрылымын алу үшін нұсқалық әдіс пайдаланады, бұл әдіс белгілі жерге орналасқан тұтынушылар мен қуат көздері үшін бірнеше мүмкін желі нұсқаларын пайдалануға негізделген. Олардың арасындағы ең жақсысы техника-экономикалық көрсеткіштерін салыстыру арқылы анықталады. Бірақ белгіленген нұсқалар кездейсоқ болмауы керек себебі, оларды салыстырып құрылған нұсқалардың ішінен ең тиімдісін таңдап алуы керек. Сондықтан, әр нұсқаны жалпы инженерлік болжамдар негізінде белгіленуі керек, мысалы тұйықталған желі, сақиналық, резервіленген және т.б. осылайша, электрлік желіні жобалаудағы бұл бөлімдегі шығармашылық элемент керексіз және жарамсыз нұсқалардан бас тарту арқасында өте көп варианттардан арылудан тұрады.


Белгіленген электр желісінің конфигурациясы белгілі деңгейде электр жабдықтаудың сенімділігін шарттарымен анықталады.

Тұтынушылардың және қорек көзінің жайғасқан жері бойынша кейінде желі конфигурациясының екі нұсқасы қарастырылуы керек.


Торапты дамытудың бірінші нұсқасында жаңа желінің ұзындығын 13,5 км –ге болжап, ЖАҢА 110/10 кВ ҚС-ны Қаражанбас қосалқы станциясына аралық шықпалар арқылы жалғанады. Бірінші нұсқа бойынша тораптың электрлік сұлбасы суретте 2.1- көрсетілген.

Торапты дамытудың екінші нұсқасында жаңадан қосалқы станция салуда желі бір 13,5 км ұзындықпен Қаражанбас 110 кВ ҚС желісінен қоректенеді және екінші жағынан 40 км ұзындықпен Құрылыс 110 кВ ҚС-нан қоректенеді. Екінші нұсқа бойынша тораптың электрлік сұлбасы 2.2- суретте көрсетілген.

Ұсынылған сұлба - нұсқаларында қолайлы нұсқаны таңдау мақсатында техника - үнемділік көрсеткіштері бойынша салыстырылады. Сонымен қорек көзінен тұтынатын пункттердің байланыс құрылымдары, тағыда тораптың конфигурациясы оның жеке бөлімшелеріндегі кернеудің номиналды шамасымен тығыз өзара байланыста орналасуын атап өтуге болады.



2.1 сурет – Маңғыстау ЭТБК- да электр торапты дамытудың бірінші нұсқасы



2.2 сурет – Маңғыстау ЭТБК- да электр торапты дамытудың екінші нұсқасы

2.2 Бірінші нұсқа үшін өткізгіштің қимасын таңдау және есептеу

Жоғарыда айтып өткеніміздей бірінші нұсқада «ЖАҢА» қосалқы станция Қаражанбас 110 Кв қосалқы станциясының желісінен қоректенеді. Қаражанбас станциясының барлық 110 кВ желіліері АСКП-240 өткізгіш таңбасы бойынша орындалған.Қаражанбас-ЖАҢА 110 кВ әуе желісі орындау үшін өткізгіш қимсын және таңбасын таңдаймыз.

Таңдалған өткізгіш қимасы рұқсат етілген есептік жүктеме тоғын қыздыру шартына сәйкес тексеріледі:

$$I_{доп} \geq I_{р} \tag{2.1}$$

мұндағы $I_р$ – есептік ток, А; (2.1)

$I_{доп}$ – рұқсат етілген ұзақтық ток, А.

Таңдау жүргізу үшін тораптың максимальды жұмыс режиіндегі ең үлкен ток мәнін анықтау қажет.Өткізгіштің қимасын өрнек бойынша анықталатын желінің есептік жүктеме тоғы $I_р$, бойынша таңдалады:

$$I_{р} = \frac{S}{\sqrt{3}\cdot U_{ном}}; \tag{2.2}$$

мұндағы S – трансформаторлы қосалқы станцияның толық қуаты, МВА;

$U_{ном}$ – номиналнды кернеу, кВ.

110 кВ желідегі есептік ток:

$$I_{рас} = \frac{27{,}05\cdot 10^{6}}{\sqrt{3}\cdot 110\cdot 10^{3}} = 142{,}03 \text{ А} \tag{2.3}$$

$$S_{ТВ} = \sqrt{P_{ТВ}^{2} + Q_{ТВ}^{2}} = \sqrt{24^{2} + 12{,}5^{2}} = 27{,}06 \ МВ\cdot А$$

(2.1) - шарт бойынша тексереміз және АС - 120/19 өткізгіш маркасын таңдаймыз:

$$142{,}03 \leq 390$$

Есептеу нәтижелерін және өткізгіш анықтамаларын 2.1 кестеге еңгіземіз.

2.1 кесте – Электр беріліс желісі параметрлері

Торап учаскесі	Номинал-кернеу	Өткізгіш маркасы	$I_р$, А	$I_{доп}$, А	$r_О$, Ом	$x_О$, Ом
1-2	110	АС-120/19	142,03	390	0,249	0,427

Желінің активті кедергісін (Ом) анықтау:

$$R = r_0 \cdot L, \tag{2.4}$$

мұндағы L – желінің ұзындығы, км;

r_0 – өткізгіштің меншікті активті кедергісі, Ом/км.

Реактивті кедергіні (Ом) анықтау:

$$X = x_0 \cdot L, \tag{2.5}$$

мұндағы x_0 – өткізгіштің меншікті реактивті кедергі, Ом/км.

(2.4) өрнек бойынша Қаражанбас-Жаңа бөлімі үшін желінің активті кедергісін анықтаймыз:

$$R_{2-3} = r_0 \cdot L_{2-3} = 0{,}249 \cdot 13{,}5 = 3{,}1872 \text{ Ом/км.}$$

Одан кейін (2.5) өрнек бойынша Қаражанбас-Жаңа ҚС учаскесі үшін реактивті кедергіні есептейміз:

$$X_{2-3} = x_0 \cdot L_{2-3} = 0{,}427 \cdot 13{,}5 = 5{,}7645 \text{ Ом/км.}$$

Есептелген және анықтама мәліметтерін 2.2 кестеге енгіземіз

2.2 кесте – Есептеме нәтижесі

Торап бөлімі	Өткізгіш маркасы	Желі ұзындығы,L Км	Меншікті параметрлер, $r_о$+j$x_о$, Ом/км	R-jX,Ом Параметрлері
Каражанбас ҚС– Жаңа ҚС	АС-120/19	13,5	0,249+j0,427	3,3615+j5,76

2.3 Бірінші нұсқа үшін қосалқы станцияның тансформаторын таңдау

Қазіргі режимнің есептелінуін орындау үшін жүктеме түйінінде орналасқан трансформатордың есептік мәліметтерін анықтау.Жаңа қосалқы станцияға трансформатор таңдауды жүргіземіз.Произведем выбор трансформаторов на подстанцию «Новая».

Тәжірибеде қосалқы станцияны жобалағанда барлық категориялар алдын ала ескеріліп ереже бойынша екі трансформатор орнатылады.Екі трансформаторды(автотрансформатор) орнатқанда торап бойынша резервтік жоқ болғанда әр трансформатордың екіншілік кернеу қуаты өрнек бойынша таңдалынады.

Екі тарнсформаторды орнатқанда және торап бойынша резервтік жоқ болғанда олардың әрқайсысының орташа және төмен кернеудегі қуаты қосалқы станцияның номиналды режимндегі қосынды максимальды жүктелуінен трансформатордың жүктелуі 70%-дан аспау есебінен таңдалынады және рұқсат етілген 40% дейінгі асқын жүктелулер есебінен бір трансформатор жұмыс істеп тұрғандағы шығысында тұтынушылардың жүктемесін жабу шартына байланысты.ЭОЕ бойынша трансформаторлар апатты режимдерде 140 % дейінгі асқын жүктемеге максимум жүктемелер уақыты бес күн ішінде 6 сағаттан артық емес уақытқа жетеді.

Мұндай жағдайда трансформатордың қуаты төмендегі өрнек бойынша анықталады:

$$S_T = \frac{S_{нагр}}{1{,}4}, \tag{2.6}$$

мұндағы 1,4 – номиналды қуаттағы (1,4) трансформаторды апатты жағдайда 5 тәуліктен аз емес уақытқа асқын жүктелуін ескеретін коэффициент.

Трансфоматордың жүктелу коэффициенті өрнек бойынша есептелінеді:

$$\mathrm{K_з} = \frac{S_{нагр}}{n \cdot S_{ном}} = 0{,}6 - 0{,}8; \tag{2.7}$$

мұндағы n – трансформатор саны.

(2.6) өрнек бойынша трансформатордың қуатын анықтаймыз:

$$S_{TP} = \frac{27{,}06}{1{,}4} = 19{,}39 \approx 20 MBA,$$

2хТРДН - 25000/110 типтегі трансформаторды таңдаймыз және оның (2.7) формуламен жүктелу коэффициентін анықтаймыз:


$$K_з = \frac{20}{2 \cdot 25} = 0{,}5.$$

Таңдап алынған трансформатордың параметрлерін 2.3 кестеге еңгіземін.

2.3 кесте – Трансформатор параметрлері

Трансформатор типі	$S_{НОМ}$, МВА	Каталогтық берілгендері						Есептеме брілгендері		
		$U_{НОМ}$ обмоток,кВ		$U_К$, %	$\Delta P_К$, кВт	$\Delta P_Х$,кВт	$I_Х$,%	$R_Т$, Ом	$X_Т$, Ом	$\Delta Q_Х$, кВар
		ВН	НН							
ТРДН-25000/110	20	115	10,5	10,5	120	27	0,7	2,54	55,9	175

Бірінші нұсқа үшін есептік орынбасу сұлбасын құрастырамыз, яғни осы қарастырылып отырған (МБЭТК) ЖЭО-3-Қаражанбас-Жаңа ҚС-дағы тораптың ЭБЖ-сі және трансформаторлары кіретін сұлбаны құрастырамыз.




2.3 сурет – Бірінші нұсқа үшін торап бөлімінің орын басу сұлбасы

2.4 «RASTR» бағдарламасында бірінші нұсқа үшін есептеу жүргізу

«RASTR» бағдарламасы электр энергетикалық жүйенің (ЭЭЖ) орнатылған режимде есептеу жүргізуге арналған, яғни N∑ нен 20 дейінгі түйіндердің жалпы санынан, сонымен бірге Nг ден 10 дейінгі (балансталған түйіндер қосылған) түйіндерден, Nв нен 30 дейінгі тармақтардан, трансформаторлы тармақ жалғанған орын басу сұлбасын есептеуде қолданылады. RASTR эквивалентті және қиындатылған режимдерде, экранда шығаруға және берілген мәндерді түзету мүмкіндігімен қамтамасыздандырады, сұлбада тармақта және түйінде жылдам сөндіруге, тармақта аумақтандыруға мүмкіндік болады, сонымен қатар берілген және есептік мәндер арқылы сұлбаның немесе оның жеке бөліктерінің графигін құруға мүмкіндік береді.


«RASTR» бағдарламасы ЭЭЖ-де орнықталған режимінің нәтижесінде анықтайды: ЭЭЖ-дегі тармақта кернеу фазасын және модулін, генератордағы активті және реактивті қуатты және әр түйіндегі жүктемелерді, қуат шығыны мен әр тармақ соңындағы тоқтарды (желідегі және трансформатордағы) ЭЭЖ орын басу сұлбасын, қосынды активтік қуат шығынын анықтайды.

Тармақты есептеу үшін қорек көзі шинасындағы жүктеме қуатын және кернеуді ескереді. Есептеп алынған мәндердің нәтижесі төмендегі 2.4 – 2.7-суреттерде келтіріледі.




	O	S	Тип	Номер	Название	U_ном	_сх	Район	P_н	Q_н	P_г	Q_г	V_зд	Q_min	Q_max	U_min	U_max	B_ш	V	Delta	Район
1			База	1	(МРЭК) ЖЭО-3-К	220					247.7	503.8	220	-1000	1000				220		
2			Нагр	2	Каражанбас ПС	220			145	88.2			220						110	-11.03	
3			Нагр	22	Каражанбас ПС	110							110						179.65	-11.25	
4			Нагр	3	Жана ПС	110			24	12.5			110						103.01	-11.41	
5			Нагр	33	Жана ПС	10							10						9.83	-11.61	

2.4 сурет – «Түйін»-дегі есептік мәндер




	O	S	Тип	N_нач	N_кон	N_г	Груг	Название	R	X	B	Кт/г	P_нач	Q_нач	Na
1			ЛЭП	1	2			(МРЭК) ЖЭО-3-Каражанбас ПС - Каражанбас ПС	11.97	43.04			-248	-504	
2			Тр-р	2	22			Каражанбас ПС - Каражанбас ПС-Жана ПС	30	143.88		2	-3	-15	
3			ЛЭП	2	3			Каражанбас ПС - Жана ПС	1.68	2.88			-136	-188	
4			Тр-р	3	33			Жана ПС - Жана ПС	2.54	55.55		10.95	-131	-3088	

2.5 сурет – «Тармақ»-тағы есептік мәндер




	S	N_нач	N_кон	Название	Тип	P_нач	dP	P_кон	dDelta	Q_нач	dQ	Q_ш	Q_кон	Vнач	Vкон	dV%
1		1	2	(МРЭК) ЖЭО-3-Кара	ЛЭП	-248	77.93	-170	11	-504	280.22		-224	220	110	50
2		2	22	Каражанбас ПС - Ка	Тр-р	-3	0.57	-3	0.2	-15	2.71		-12	110	179.6	36.68
3		2	3	Каражанбас ПС - Ж	ЛЭП	-136	7.46	-128	0.4	-188	12.8		-175	110	103	3.18
4		3	33	Жана ПС - Жана ПС	Тр-р	-9	8.57	-0	0.2	-189	187.32		-2	103	9.8	11181.1

2.6 сурет – Элект торап элементінің жүктемесі



	Np-t	Район	Dp	dP_нагр	dP_ЛЭП	dP_Тр	dP_пост	Ш_ЛЭП	Ш_Тр	dP_Ш
		U_ном		dP_нагр	dP_ЛЭП	dP_Тр	dP_пост	Корона	XX_тр-р	
1		110		94.57	85.41	9.16				
2		10		94.57	85.41	9.16				

2.7 сурет – Электр торабындағы шығын



2.8 сурет – Электр торабын дамытудың бірінші нұсқа бойынша орын басу сұлбасы

2.5 Екінші нұсқа үшін өткізгіштің қимасын таңдау және есептеу

Екінші нұсқада электр тораптың құрылымы Жаңа қосалқы станция Қаражанбас ҚС 110 кВ желіден және Құрылыс ҚС-нан қоректенеді.

Есептелінуді жоғарыда бірінші нұсқада келтірілген әдіс бойынша қарастырамыз.

2.4 және 2.5 кестелерде желінің осы бөліктерінің электр берілісі желілері өткізгіштерінің анықтама мәліметтері келтірген.

2.4 кесте – Электр беріліс желі параметрлері

Торап учаскесі	Номинал-кернеу	Өткізгіш маркасы	I_p, А	$I_{доп}$, А	r_O , Ом	x_O , Ом
1-2	110	АС-120/19	142,03	390	0,249	0,427
2-3	110	АС-120/19	142,03	390	0,249	0,427

2.5 кесте – Есептеу нәтижелері

Торап учаскесі	Өткізгіш маркасы	Желі ұзындығы, L, км	Меншікті параметрлер, r_o+jx_o, Ом/км	R-jX,Ом Параметрлері
ҚС Қаражанбас – ҚС «ЖАҢА»	АС-120/19	13,5	0,249+j0,427	3,36+j5,76
ҚС «ЖАҢА» – ҚС Құрылыс	АС-120/19	40	0,249+j0,427	9,96+j17,08


2.6 Екінші нұсқа үшін қосалқы станцияның тансформаторын таңдау

Екінші нұсқа үшін қосалқы станцияға трансформатор таңдауды жоғарыда бірінші нұсқада анықталған әдістермен яғни жоғарыдағы өрнектер бойынша есептеу жүргіземіз. Трансформатор үшін есептік нәтижелерді 2.6 кестеге енгіземіз.

2.6 кесте – Трансформатор параметрлері

ҚС аты	Трансформатор саны және маркасы	U_x, %	$\Delta P_к$, кВт	ΔP_x, кВт	$R_т$, Ом	$X_т$, Ом	ΔQ_x, кВар
ҚС Каражанбас	2×ТРДН–25000/110/35	10,5	120	27	2,54	55,9	175
ҚС ЖАҢА	2×ТРДН–25000/110/35	10,5	120	27	2,54	55,9	175
ҚС Құрылыс	2×ТРДН–25000/110/35	10,5	120	27	2,54	55,9	175

Екінші нұсқа үшін есептік орынбасу сұлбасын құрастырамыз, яғни осы қарастырылып отырған (МБЭТК) ЖЭО-3-Қаражанбас – Жаңа - Құрылыс ҚС-дағы тораптың ЭБЖ- сі мен трансформаторлары кіретін сұлбаны құрастырамыз.



2.9 сурет – Екінші нұсқа үшін торап бөлімінің орын басу сұлбасы

2.7 RASTR бағдарламасы бойынша екінші нұсқа үшін есептеу жүргізу

Есептеу нәтижелері 2.10 – 2.13-суреттерде келтірілген.


Rastr-

Файлы Расчеты Открыть Таблица Графика Окна Help

Узлы


	O	S	Тип	Номер	Название	U_ном	_с	Район	P_н	Q_н	P_г	Q_г	V_зд	Q_min	Q_max	U_min	U_max	B_ш	V	Delta	Район
1			База	1	(МРЭК) ЖЭО-3-К/	220					511.2	788.2	220		-1000	1000			220		
2			Нагр	2	КАРАЖАНБАС П	220			145	88.2			220						137.51	-4.92	
3			Нагр	22	КАРАЖАНБАС П	110							110						110	-4.96	
4			Нагр	3	ЖАНАС ПС	110			24	12.5			110						93.31	-4.23	
5			Нагр	33	ЖАНА ПС	10							10						8.54	-4.28	
6			Нагр	4	КҰЙЫЛЫС ПС	110			24	12.5			110						83.61	-5.46	
7			Нагр	44	КҰЙЫЛЫС ПС	10							10						9.78	-0.28	

2.10 сурет – «Түйін»-дегі есептік мәндер




	O	S	Тип	N_нач	N_кон	N_п	Груг	Название	R	X	B	Кт/т	P_нач	Q_нач	Na
1			ЛЭП	1	2			(МРЭК) ЖЭО-3-Каражанбас ПС -	11.97	43.04			-208	-508	
2			Тр-р	2	22			Каражанбас ПС - Каражанбас П(	30	143.88		2	-6	-29	
3			ЛЭП	2	3			Каражанбас ПС - Жана ПС	1.68	2.88			-270	-480	
4			Тр-р	3	33			Жана ПС - Жана ПС	2.54	55.45		10.95	-200	-4685	
5			ЛЭП	3	4			Жана ПС - Куйылыс ПС	4.98	8.54			-33	-87	
6			Тр-р	4	44			Куйылыс ПС - Куйылыс ПС	2.54	55.55		10.95	-31	-312	
7			ЛЭП	4	1			Куйылыс ПС - (МРЭК) ЖЭО-3-Кар	15.3	21.7			-47196	-66842	

2.11 сурет – «Тармақта»-ғы есептік мәндер




	S	N_нач	N_кон	Название	Тип	P_нач	dP	P_кон	dDelta	Q_нач	dQ	Q_ш	Q_кон	Vнач	Vкон	dV%
1		1	2	(МРЭК) ЖЭО-3-КАРА	ЛЭП	-165	42.15	-123	4.9	-378	151.55		-227	220	137.5	37.5
2		2	22	КАРАЖАНБАС ПС -	Тр-р	-16	9.45	-6	0	-76	45.35		-30	137.5	110	150.02
3		2	3	КАРАЖАНБАС ПС -	ЛЭП	-879	295.52	-583	-0.7	-1598	506.6		-1091	137.5	93.3	20.09
4		3	33	ЖАНАС ПС - ЖАНА	Тр-р	-7	7.06	-0	0	-155	154.07		-1	93.3	8.5	10132.0
5		3	4	ЖАНАС ПС - КУЙЫ.	ЛЭП	-61	4.98	-56	1.2	-71	8.54		-62	93.3	83.6	8.82
6		4	44	КУЙЫЛЫС ПС - КУ	ЛЭП	-4	4.5	1	-5.2	-111	98.21		-13	83.6	9.8	67.12
7		4	1	КУЙЫЛЫС ПС - (МР	ЛЭП	300	407.34	707	-5.5	310	577.73		888	83.6	220	-123.99

2.12 сурет – Элект торап элементінің жүктемесінің мәндері



	№р-н	Район	Dp	dP_нагр	dP_ЛЭП	dP_Тр	dP_пост	Ш_ЛЭП	Ш_Тр	dP_Ш
		U_ном		dP_нагр	dP_ЛЭП	dP_Тр	dP_пост	Корона	XX_тр-р	
1		110		770.99	754.48	16.51				
2		10		770.99	754.48	16.51				

2.13 сурет – Электр торабындағы шығын



2.14 сурет – Электр торабын дамытудың екінші нұсқа бойынша орын басу сұлбасы

2.8 Нұсқаларды технико-экономикалық салыстыру

Технико-экономикалық салыстыруда рұқсат етілетін техникалық талаптағы нұсқалар ғана салыстырылады. Мұндай нұсқада тұтынушы қажетті электр энергияны берілген сенімділік деңгейіндегі сапада және арзан бағамен алуға мүмкін болады.

Тораптың сұлбасын салыстыру капитальдық салымдардың экономикалық тиімділігін есептеу арқылы жүзеге асырылады. Экономикалық критериде ең тиімді нұсқа минималды келтірілген шығындармен анықталады. Тораптың электрлік сұлбасы номиналды кернеуді қолдану арқылы, трансформация деңгейінің санымен, қосалқы станцияның жалғау сұлбасымен және төмендеткіш қосалқы станцияның электрлік жалғау сұлбаласы арқылы анықталуы мүмкін. Торапты дамытуда салыстырылатын нұсқалар жүктеме қуаты, тұтынудың

берілген режимінде түтынушыларға сатылатын электр энергияны бірдей бағада сатылуын қамтамасыз етуі қажет.

Тораптың номиналды кернеуін таңдау оның технико-экономикалық көрсеткішіне және техникалық сипаттамасына ықпал етеді.

Номиналды кернеудің өсуімен қуат шығыны және электр энергия төмендейді, пайдалантын шығындар төмендейді, желінің құрылысында металл шығыны және өткізгіш қимасы азаяды, желі бойынша берілетін шектік қуат өседі, келешекте торапты дамыту жеңілдейді, бірақ та тораптың құрылысына капиталдық салым жоғарылайды.

Номиналды кернеуі аз торапта керісінше, яғни күрделі қаржы салым аз, бірақ қуат шығыны мен электр энергия өсуінен жоғары пайдалы шығынды келтіреді, аз жіберу қабілетіне ие болады. Осыларға байланысты торапты жобалауда оның номиналды кернеуін дұрыс таңдау маңызды. Экономикалық мақсатқа сай номиналды кернеу келесі факторлар қатарына байланысты таңдалады: жүктеме қуаты, қорек көзінен қашықтығына, олардың бір-біріне қатысты тұрған орнына, электр торабының конфигурациясынан, кернеуді реттеу қабілетіне.

Кабель мен өткізгіш қимасын таңдау электр тораптың сенімді жұмыс атқаруында бірінші дәрежедегі мәні бар болатын ең маңызды міндет болып табылады.

Электр берілісін орындаудада екі нұсқаны салыстыру:

а) 110 кВ «Қаражанбас-Жаңа» қашықтығы 13,5 км екі әуе желісінің құрылысы;

б) «Жаңа» 110/10 кВ ҚС құрылысы

Екінші нұсқа: 110 кВ «Қаражанбас-Жаңа-Құрылыс» қашықтығы 13,5 және 40 км әуе желісінің құрылысы;

в) «Жаңа» 110/10 кВ ҚС құрылысы

Есептеу үшін келесілерді енгіземіз:

- сенімділік бойынша нұсқаларды бірдей бағада қабылдаймыз;

- торапта қаржы салымы бір жолғы, ал жылдық шығынды-тұрақты деп есептелінеді. Бұл жағдайда нұсқаларда құн есептік шығын бойынша анықталады:

$$З_i = E_н K_i + И_{ai} + И_{эi} \qquad (2.8)$$

мұндағы i – салыстырылатын нұсқалардың нөмірі;

$E_н$ – күрделі қаржы салымының тиімді нормативті коэффициенті,0,12-ге тең;

K_i – торап нысанына қаржы салымы;

$И_{ai}$ – амортизацияға, элекр торапты жөндеу және қызметіне жыл сайынғы толық шығын;

$И_{эi}$ – тораптағы электр энергия шығынын қарымталауына кететін шығын, амортизацияға, элекр торапты жөндеу және қызметіне толық шығынды келесі формуламен анықтайды:

$$И_a = \sum P_i \cdot K_i \tag{2.9}$$

мұндағы K_i – тораптың i-ші элементіне күрделі қаржы салымы;

P_i – i-ші элементке амортизациялық шығын нормасы.

Әрбір нұсқа үшін электр энергиясының шығын компенсациясына кететін шығындарды келесі формула бойынша анықтаймыз:

$$И_Э = \Delta P' \cdot \tau' \cdot З' + \Delta P'' \cdot \tau'' \cdot З'' \tag{2.10}$$

мұндағы $\Delta P'$ – қуаттың жүктемеден тәуелді айнымалы шығыны;

$\Delta P''$ – қуаттың тұрақты шығыны, жүктемеден тәуелсіз;

$З'$ және $З''$ – тұрақты және айнымалы шығынға сәйкес қарымталауға бөлінетін шығындар, теңге/кВт-сағ;

τ' және τ'' – айнымалы және тұрақты қуат шығынына сәйкес максималды шығын уақыты (τ'- максимал қуатты қолдану максимал шығындарын уақыттың тәуелділігінің қисығы бойынша қабылдаймыз, $\tau'' = 8760$ сағат - бұл жабдықтардың жұмыс уақыты).

Келтірілген формуладан әр салыстырылатын нұсқалардың есептік шығынын анықтаймыз. Аз есептік шығынмен сипатталатын нұсқа экономикалық көрсеткіші бойынша тиімді болып табылады.

Салыстыру үшін электр тораппен қосалқы станция құрылысының капитальдық салымдарын есептеу қажет.

Тораптың күрделі қаржы салымын бірінші нұсқада анықтаймыз. 110 кВ кернеудегі екі әуе желілерде қаржы салымын анықтаймыз. Капиталдық шығынды келесі формуламен есептейміз:

$$K = K_0 \cdot L \cdot k; \tag{2.11}$$

мұндағы K_0 – желінің құрылысына бөлінген (меншікті) капиталдық шығын, млн.теңге;

L – желінің ұзындығы, км;

k – түзету коэффициенті, ауданда желіні құруға байланысты шығынды көрсетеді, k=1,02.

ӘБЖ –нің құрылысына кететін капиталдық салымды есептейік:

1 нұсқа: «Каражанбас – ЖАҢА» $К_Л$ = *123298 мың.теңге*

2 нұсқа: «Каражанбса – ЖАҢА – Нұрлы» $К_Л$ =*363324,68 мың.теңге*

Қосалқы станцияға капитал салымдар құрылыстың орташа шарттарына сәйкес келеді және өндірістік тағайындауда барлық шығынды ескереді. Қосалқы станцияға капитал салымдар құрылыстың орташа шарттарына сәйкес келеді және өндірістік тағайындауда барлық шығынды ескереді. ҚС-ның құнына «110-750 кВ жоғары кернеу айнымалы токтағы қосалқы станцияны технологиялық жобалау ұсынысы» да алдын ала қарастырылған сыртқы инженерлік тораптың ауданына кететін шығындар енеді.

Қосалқы станцияны салуда капиталды шығын жабдықтардың құрамы бойынша анықталады:

$$K_{П} = (\sum K_i \cdot n_i + K_{пост}) \cdot \alpha_p, \qquad (2.12)$$

мұндағы K_i – таратушы құрылғылардың есептік құны, трансформатордың, ток шектегіш реактордың, сонымен қатар желі ұяшықтарына капиталды салым, жабдықталған жоғары жиілікті байланыс;

$K_{пост}$ – қосалқы станцияның тұрақты шығын бөлімі, қосалқы станция қуатынан тәуеділігі аз;

n_i – саналатын жабдықтардың бірлік саны;

α_p – құрылыс ауданы ескерілетін коэффициент.

Бірінші нұсқа үшін капиталдық салымды анықтаймыз «ЖАҢА» 110/10 кВ ҚС:

$К_П$ = 84995 мың.теңге.

Бірінші нұсқа нұсқа үшін трансформатор құны: $К_{ТР1}$ = 24375 мың.тг.

Екінші нұсқа үшін капиталдық салымды анықтаймыз «ЖАҢА» 110/10 кВ ҚС:

$К_П$ = 84995 мың.теңге.

Екінші нұсқа нұсқа үшін трансформатор құны: $К_{ТР2}$= 24375 мың.тг.

Энргия нысанының құрылысына кететін жалпы капиталды салым өрнекпен анықталады:

$$К = К_Л + К_П \qquad (2.13)$$

№1 нұсқа үшін энергетикалық нысанның құрылысына кететін капитал салымды есептейміз:

К = 123298+84995+24375 = 243889 мың.теңге

№2 нұсқа үшін энергетикалық нысанның құрылысына кететін капитал салымды есептейміз:

К = 365329,68+84995 +24375 = 474699,68 мың.теңге.

Нұсқаларды технико - экономикалық салыстырамыз. Салыстыруды келтірілген шығындар бойынша қарастырамыз. Амортизацияға $И_а$, қызметке және жөндеуге $И_{р.о}$ бөлінетін жыл сайынғы шығын нормасын анықтаймыз.

$$И_а = K \cdot P_а, \tag{2.14}$$

$$И_{р.о} = K \cdot (P_о + P_р), \tag{2.15}$$

$$И = И_а + И_{р.о}. \tag{2.16}$$

